



УДК: 821.312.223

Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail:raushan-09@mail.ru

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ

Бұл мақала ҚР ғылым академиясының академигі, әдебиеттанушы Зейнолла Қабдолдың өмірлік және шығармашылық жолына арналады. Оның қазақ әдебиеті тарихына қосқан үлесі мен шығармашылығының тақырыбы ашылады. Автор Зейнолла Қабдолдың қазақ әдебиеттану ғылымының эстетикалық табиғаты, көркем шығарманың болмыс - бітімі, суреткерге қойылар талап тұрғысындағы еңбегімен әдебиетші мамандардың қай -қайсының ұстазына айналған адам, жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы болғандығын айта келіп, оның Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алдын көрген шәкірті, ғылымдағы ізбасары екендігіне, екеуінің шығармашылықтағы бірлігіне басты назар аударады.

Түйін сөздер: әдебиеттану, жазушылық, ұстаздық, эстетика, суреткерлік шеберлік әдеби мұра, дәріс

Статья посвящается жизненному и творческому пути академика Академии наук Казахстана, доктора филологических наук, литературоведа, профессора Зейноллы Кабдола. Раскрываются тематика его творчества и вклад в историю казахской литературы. Особое внимание автор уделяет творческому союзу М.О. Ауэзова и З. Кабдола, их совместной работе в области литературы. Цель статьи заключается в исследовании творческих взаимоотношений академиков М. Ауэзова и З. Кабдола в русле «учитель-ученик». По глубочайшему убеждению автора объектом исследования должны стать не только творчество писателя, но и каждый миг его жизни, чье наследие является духовным богатством казахского народа.

Ключевые слова: литературоведение, писательство, учительство, эстетика, художественное мастерство, литературное наследие, лекция

The article deals with the life and creation of the academician of the Academy of sciences of Kazakhstan, literary scholar Zeinolla Kabdolla. The article discusses themes in his creative works and contribution to the history of Kazakh literature. A special attention is given to the creative alliance of M.O.Auezov and Z.Kabdolla and their joint work in the field of literature. The aim of the article consists in research of creative mutual relations of academicians of M. of Ауэзова and З. of Кабдола in a river-bed "teacher-student". On innermost persuasion of author not only work of writer but also every moment of his life must become a research object, whose heritage is the spiritual wealth of the Kazakh people.

Keywords: literary criticism, writing, teaching, aesthetics, artistic mastery, literary heritage, lecture

Зейнолла Қабдол - ғалымдық келбетімен, суреткерлігімен айрықша биік тұлға. Әдебиетке ерте келіп дараланған, ғылымда өз орнын белгілеген ғалым. Терең талғампаздығы, биік парасаты, мәдениеті жазушы қолтаңбасынан шыққан шығармаларда айқын есіп тұрады.

Әдебиетке өлеңмен келген ол ұстаздық, ғалымдық, жазушылықты тең ұстаған адам.

Зейнолла Қабдол - Қазақ әдебиеттану ғылымының эстетикалық табиғаты, көркем шығарманың болмыс - бітімі, тақырыптық, дүниетанымдық мәні, тектік сипаты, суреткерге қойылар талап тұрғысындағы еңбегімен

әдебиетші мамандардың қай -қайсының ұстазына айналған адам, жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алдын көрген шәкірті, ғылымдағы ізбасары.

Еңбек жолында "Жұлдыз" журналы мен "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін де атқарған. "Ұшқын" және "Жалын" (1972) романдарының, "Адам" (1964), "Сыр" (1975) атты жинақтарына енген әңгіме-очерктері мен "Сөнбейтін от" драмасының авторы. Аудармашылық шеберлігін А.Пушкин мен Н.Гогольдің жекелеген шығармалары, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закруткиннің романдарын, А.Островскийдің "Ұшынған ақша", М.Горькийдің "Күн перзенттері", Н.Хикметің "Елеусіз қалған есіл ер" пьесаларын аударуымен танытты.

М.Әуезовтің «Ұстаздық-ұлы нәрсе» деген сөзін үнемі жадында ұстады шәкірт Қабдол. Ұстаздық білігі де ұлы суреткер М.Әуезовтен келді десе болғандай. Ұлы ұстазы Мұхтар Әуезовтен көп үйренді, өнеге алды. Жүреkte жатталалып қалған, есте сақталып қалған ұлы жазушы жайындағы әр кездегі ойларын қағазға түсіріп жүрді.

Қазақ ғылымының қара шаңырағы саналатын әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің профессоры З.Қабдолдың дәрісін тыңдап, тәлімін алған, қазақтың әдебиеті мен тілінің көркеюі, ғылымының нығаюы үшін аянбай тер төгіп, ғұмырларын әдебиетпен байланыстырған ақын-жазушылар, әдебиет пен өнер саласына күш-қайратын сарқа жұмсаған ғалымдар, журналистер қаншама?! Қай бір қазақтың баласына сүйсінсе -«Ай-на-ла-йын» деп қоңыр, жағымды дауысын ерекше созып, ілтипатын, шын риза болғандығын білдіріп жататын. Дәл осы сөздің қаншама қазақтың ұлқызына қанат бітіріп, алға жетелегені рас. Даладай дарқан, қазақы мінезі де жайсаңдығын, ерекше бітімін айғақтап тұратын.

Мұхтар Әуезовтің ғибратын алған Зейнолла Қабдол ұлы ұстазы жайында тамсана, таңғала жазады: «Мұқаң асқан шешен кісі болғасын ба, кім білсін, әйтеуір ауызекі айтқан ойларында ғана емес, жазып-жариялаған эсселері мен сын пікірлерінде де сөздегі саздылыққа, үндестікке көп мән беретін: «үдей басатын, алғыдан асатын», «сын шын болсын», шын сын

болсын»... «Мәлік Ғабдуллинге жауап хаттың» тек бір абзацының өзінде «сілтегені перизат, сермегені адамзат» «жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын қалам жоқ» қайта-қайта есіле сөйлесе, мен қазақшалаған бір мақаласындағы бір орысша орамды «Не аңғарар еді, Неге танданар еді» деп , әдейі әндегіп аудартқаны әлі есімде», -дейді Қабдол [1].

Ұстазына таңырқай отыра жазуда әсемдікті қалады, ұстазына еліктей отыра сұлу суреттеу мен әдемі жазуға машықтанды.

Мұхтар Әуезовтен бес жыл оқып, он жыл бір кафедрада қызмет еткен Зейнолла Қабдол «шәкірті ғана емес, туған інісі, яки баласы секілді бауырында жүрді». Шәкірт Қабдолдың ұстазынан алған ғибраты жазушы, академик Қабдолдың артына қалдырған мол мұрасынан көрініс тауып жатты.

«Мұқаң туралы ойларымды ауызша айтудан гөрі жазып, жариялауды дұрыс көремін. Ол-келешектің ісі», -деп жазған еді 1967 жылы жазған «Ғұлама» атты зерттеуінде [1.106]. Тіпті жас жазушы сол жылдары: «Мұқанды көре қалғандар көп. .. Мұқаң –жеке адамның ағасы емес, күллі халқымыздың сүйікті баласы. Ал халық ұлына көзқарас әркімнің өз шоқысынан емес, баршаға ортақ биік мұнаралардан белгіленер болар..» деп жазған болатын. Әуезовтің мерейтойларына арналған конференцияларда, салмақты аудиториялардағы сөздерінде, дәрістерінде, зерттеу еңбектерінде Әуезовке мың мәрте келіп, шығармашылығын талдап, ғылыми ойларын таратып, таразылап жүрді. Араға уақыт сала «келешектің ісі» жүзеге асты. «Әуезовтің әсемдік әлемі» (1988), «Менің Әуезовім" (1997) эссе-романы дүниеге келіп жазушының тұлғалық келбеті сомдалды.

М.Әуезовтей ұлы тұлғаның дәрісін тыңдап, шәкірті болу биік бақыт болса, ұстаз жайында мәңгілік естелік жазу асқан абырой. М.Әуезов үшін З.Қабдолдай шәкірттің жөні бөлек еді. Әуезовтің өзі де шәкіртінің өзгеден ерен даралығын дөп басып тани білді, артар сенімі де бөлек болды.. Тіпті шәкіртіне жазғанының бірінде: «Ғазиз көретін сұлу мінез, сұлу білім, өнер иесі досым, інім Зейнолла! Дос, аға көңілден тілейтінім - сенімен бірге жүру, өзара бірге еңбектену..» [2], деген болатын.

Оқу орнын тәмамдағаннан соң шәкіртін ауылға кету райынан қайтарып, оқу орнында қызметке қалдырады. Сондағы ұстаздың айтқаны: «Есінде болсын, университетте әдебиеттен сабақ беретін, яки сөз өнерін оқытатын ұстаз нағыз ғалым ғана емес, оның

үстіне нағыз жазушы болса, университеттік білімнің, әсіресе эстетикалық білімнің биігі мен тереңі ол арада жатады. Оны игерген баладан дана шығады» [2,159],-деп шәкіртінің болашағына сеніммен қараған.

Мұхтар Әуезов «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында Қабдолды «алдыңғы аға буын жазушылармен қатар соларға ілесе, жедел келе жатқан бір топ талантты жазушылардың қатарында көрсетсе, жазушы Тахауи Ахтановқа жазған хатында «үлкен үміт күткен шәкірт» екенін айтқан екен [3,198]. Ия, ұстаз алдында шәкірт Қабдолов өз парызын толықтай атқарды.

З.Қабдолдың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесі -шәкірт жүрегінің ерекше тартуы. Бұл шығарманы жазуда жазушы ұзақ ой кешті, толғанды. Шығарманың жазылып біткен кезінде арманының орындалғанын ортасына қуана жариялады, ұстаз алдындағы парызы орындалғандай күйге келді. Қабдолдың Семейге келген сапарында шәкірті, бүгінгі профессор, ғылым докторы Арап Еспенбетовке айтқан әңгімесінде ғалым: " Әуезов-бақытты суреткер, неге десеңіз ол өзінің басты кітабы –«Абай», «Абай жолы» тетралогиясын жазып кетті. Ондай бақыт барша жазушының пешенесіне жазылмаған», - деген екен [4,].

Заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтып жазған көркем деректі туындылар аз емес. Әуезов тұлғасын әспеттеген көркем еңбектердің ішінде дара тұрғаны - З.Қабдолдың роман-эссесі дер едік. Басқа еңбектерден оқшаулығы мен даралығы мұнда шәкірт, бауыр, әріптес, дос З.Қабдолдың Мұхтар Омарханұлының шығармашылық ғұмырбаяны, зерттеулері, қызметтері жайында ғана емес жүрек соғысы, көңіл түкпіріндегі терең сезімін де дөп басып танып онымен оқырманымен бөлісе алуында.

Жазушы романының кіріспе тарауы «Романға барар жол» деп аталалып, одан әрі алты тарау болып жалғасын табады.

Зейнолла Қабдол Әуезовтің студент кезіндегі ұстаздығы, кейін көп жылдар бойы университет қабырғасындағы әріптестік байланыстары, әдебиет майданындағы қызметтері, шығармашылық еңбектері жайында толғайды.

Роман –эссе әдебиет сүйер қауымның ұлы жазушы жайындағы біле бермейтін, ұлы тұлғаның басынан өткен тағдыр талайы мен, кеудесі қуанышқа толған сәттерін оқырманның көз алдына әкеледі. Өзі шәкірт, әріптес бола жүре ұлы жазушының биік тұлғасына таңдана,

тамсана қараудан талмаған Қабдолов көз алдымызға ұлы суреткердің ғажайып бейнесін әкеледі.

Зейнолла Қабдолға «Менің Әуезовім» романы үшін 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. М.Әуезовтің 100-жылдық мерейтойына арнайы жазылған «Менің Әуезовім» атты роман-эссесінде ұлы қаламгердің ұстаздық феноменін таныту арқылы оның әдеби бейнесін жасау тәжірибесін жаңа сапаға көтерген [3. 336].

Суреткер жазушы шәкірт ұзақ жылдар бойы ұлы ұстазының еңбегін, әр жанрдағы, әр жылдардағы шығармашылық мұрасын жинап, зерттеп келді. Роман-эссеседе жазушының өскен ортасы, шығармашылығының бастауы болған туған жері, ұлт болашағы үшін күрескен, үзегілес жүрген қатары Алаш арыстары, оның ұлттық дүниетанымын оятып, тағылым ұсынған ұлы ұстаздары туралы әсерлі жазылған. Роман ішінде тарихи, саяси оқиғалар сол тұстағы жазушының қудалауға түсіп, азап шеккен кезеңдері, досы мен дұшпаны, ғалымдық, ұстаздық биіктері, яғни жазушы өмірінің маңызды сәттерінің барлығы суреткер қаламынан қалыс қалмады. Романда өмірбаяндық сюжеттер мен авторлық толғаныстар үндестік тапқан.

Ұзақ жылдар бойы З.Қабдол өзі дәріс алып, аялы алақанын, ыстық лебізін, шапағатын көрген ұстазы - ұлы Мұхтар Әуезовтің ғылым ордасындағы киелі орнын жоғалтпай, Әуезов кафедрасындағы ісін жалғастырып келген. Қаншама буын шәкірттерді, бүгінгі ғалымдар мен жазушыларды, филолог- мамандарды тәрбиеледі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің диссертациялық кеңесіне төрағалық етті. Біз де сол алып тұлғаның алдын көріп, диссертант ретінде ұлағатын көрген едік. Профессор Еспенбетовтің жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығының Семей кезеңі» тақырыбындағы ғылыми кандидаттық диссертациямыздың тақырыбын әдебиетке қажет тақырып деп танып, қуана құптап, ғылыми кеңесте оң бағасын берген еді.

Әдебиеттің ең биік мұраты-халықтың қасиетін, сұлулығын, ұлылығын таныту. Алдымен сол халықтың өзіне таныту, содан соң бүкіл әлемге таныту. З.Қабдол М.Әуезов лекциясын тыңдау арқылы оның адами турғыдан танып қана қоймайды, қиын-қыстау күндерде қасынан табылып, оның ауыр да

арпалысқа толы өмір кезеңдеріне куә болады. Әдебиеттің екі бірдей алыбының ұстаз бен шәкірт, аға мен іні арасындағы берік байланысы келер буынға көрсетер үлкен өнеге деп айтқан ләзім. Міне, жылдар өте ұлы адамның алдын көрген, дәрістерін тыңдаған Зейнолла Қабдол да есімін шәкірттері қадірлеген тұлғаға айналды. Ұлы Мұхаңнан тағылым алып, қатар жүріп, ұлт болашағы үшін бірге қызмет жасаған Зейнолла Қабдолдың есімі қашан да ұлы жазушының

ізбасар шәкірті ретінде, ісін жалғастырушы інісі ретінде бірге аталатыны сөзсіз.

Ол ұстазы алдындағы борышын орындап кеткен, ізін басқан, ісін жалғастырған, дәстүрін қолдаған тұлға. Әуезовтің әсемдік әлемін ұққан, терең сезінген адам. Әдебиет саласының білгірі, сұңғыла шешендердің сарқыты ғалым, ұстаз, қаламгер, қайраткер Зейнолла Қабдол бейнесі өлмек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов.З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. Алматы. Жазушы,1977,380б.
2. Қабдол.З.Әуезов.-Алматы.Санат. 1997, 352б.
3. Мұхтар Әуезов. Энциклопедия. Алматы.2011, 336б.
- 4.Еспенбетов.А.Шығармалары.2т.Астана,2014, 472б

Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті филология кафедрасының доценті

Пошталық мекен-жайы: 071408, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Загородная-9, 21

Ұялы тел: 87783204743

Ұстаз бен шәкірт

Мухажанова Раушан Мураткановна

Должность: кандидат филологических наук, доцент кафедры филологии гуманитарного факультета Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: 071408, Республика Казахстан, г.Семей, Загородная-9, 21

Сот.тел: 87783204743

Учитель и ученик

Mukhazhanova Raushan Muratkanovna

Position: Candidate of philological sciences, associate professor of department of philology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey

Mailing address: 071408, Republic of Kazakhstan, Semey, Zagorodnaya-9, 21

Mob.phone: 87783204743

Teacher and student